

Shet shugylasy



beisenbi, 22 jeltoqsan 2022 jvl №51 (11 041)

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕГЕН ЖҮЗДЕСУ

директоры А.Аманжолов бүгінгі таңда ауданымызда халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында аудан орталығында аурухананың жанында бос тұрған 2 қабатты ғимарат пен Ақадыр кенттік аурухана-сына облыстық бюджет арқылы күрделі жөндеу жүргізіліп жатқанын айтты. Оның ішінде кенттегі аурухананың жөндеуі ста-ционарлық блоктан бастал-ды, жылу трассасы, шатыр толығымен ауыстырылды, барлық сыртқы өрлеу жұмыстары аяқталды. Қазір ішкі өрлеу жұмыста-

қасбетін жаңарту және
жапсарлас спорт зал мен
асхана құрылыстарын ара-



ры жүріп жатыр. Жаңа жылға дейін біз стационарлық блокты пайдалануға береміз. Екі емхана блогы қалады. Бүгінгі таңда жұмыс 95%-ға аяқталды. Аталмыш ауруханада барлығы 18 дәрігер жұмыс істейді, оның ішінде 5 жалпы тәжірибе дәрігерлері және 13 бейінді маман және 83 орта медициналық қызметкер бар. Ауруханада жалпы тәжірибелік дәрігерлер,

Аудан әкімі биылғы жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Қысқаша жасаған баяндамасында биылғы жылы "Ауыл - Ел бесігі" бағдарламасы аясында Ақжал кентінің 15 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде кенттің барлық көшелері толықтай асфальтпен қамтылды. Ауыз су мәселесі бойынша Бұрма ауылында су құбыры салынды. Алдағы көтемде 274 тұрғын үйге ауыз су қосылады. Сондай-ақ, аудандық бюджет есебінен Нұраталды, Үңірек және Ақшатау ауылдарында ұнғымаларды бұрғылауға және Кеншоқы, Тағылы, Дөрия, Красная Поляна және Батық ауылдық округтерінде су құбырларын жөндеуге қаражат бөлінген. Ал, 8 елді мекенде жарықтандыру жүргізіліп, 263 жарықшамдар мен бағаналар орнатылса, 8 елді мекеннің жалпы ұзындығы 47 шақырымды құрайтын ауылшілік және аудандық маңызы бар жолдар жөнделгенін атап өтті. Аудан басшысының ақпаратына сәйкес алдағы жылы жұртшылықты бұқаралық спортқа тартуға көп көңіл бөлінбек. Мәселен, биыл Ақсу-Аюлы, Ақадыр, Мойынты елді мекендерінде салынатын дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің болашақ ғимараттарының жобалау-металдық құжаттамасын әзірлеуге мердігерлер анықталған.



⇒ 2-ші бетте.

Shet shugylasy Shet oniri

**АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.**